

"Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 451 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 27 маусымда № 13830 болып тіркелді

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 180-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою тәртібі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10764 болып тіркелді, 2015 жылғы 20 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Бұйрықтың мемлекеттік тілдегі тақырыбына өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні
ө з г е р і с с і з **қ а л а д ы ;**

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидаларын
б е к і т у **т у р а л ы ;**

бұйрықтың мемлекеттік тілдегі 1-тармағына өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні
ө з г е р і с с і з **қ а л а д ы ;**

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоса беріліп отырған Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою
қ а ғ и д а л а р ы **б е к і т і л с і н . ;**

Аталған бұйрықпен бекітілген Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру,
ж о ю **қ а ғ и д а л а р ы н д а :**

7-тармақтың 1 бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті тіркеуші органға немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес жазбаша нысанда

не электронды түрде ата-аналары не басқа мүдделі тұлғалары оның туылған күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей береді, ал бала өлі туған жағдайда босанған кезден бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей, медициналық ұйымның жауапты лауазымды адамы өтінішті береді.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Туылған күнінен бастап үш жұмыс күні өткен, сондай-ақ бір жасқа толған және одан асқан мерзімде баланың тууын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган, баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы, екі данада жасалған қорытынды негізінде осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүргізеді.»;

15-тармақтың 1 бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Туылған күнінен бастап үш жұмыс күні өткен, сондай-ақ бір жасқа толған және одан астам уақыт өткенде баланың тууын мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті алған кезде лауазымды тұлға өтініш нысанының және қоса берілген құжаттардың дұрыстығына тексеру жүргізеді.»;

23-қосымшаның тақырыбына мемлекеттік тілде өзгеріс енгізіледі, орыс тіліндегі мәтіні өзгеріссіз қалады;

23-қосымшасының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, күшін жою қағидаларына 2 3 - қ о с ы м ш а » .

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті (В.Қ. Калимова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е у д і ;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және « Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б. Имашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК